

**«Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім
беретін мектебі» КММ**

**«Отбасы әңгімелесу» клубының екінші жарты
жылдықта өткізген жұмыстардың есебі 2025 оқу жылы**

«Отбасы әңгімелесу клуб» жетекшісі: Куликова С.К

Арқалық қаласы

"Отбасы әңгімелесу" клубының негізгі мақсаты: елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу. Отбасылық құндылықтарды құрметтеу, іргесі берік жарасымды отбасы қалыптастыруды насихаттау. Жалпы отбасылық құндылықтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, отбасы–тәрбиенің негізі екенін ұғындыру. Ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау өскелең ұрпақты тәрбиелеуде оқушылардың ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрлерді сақтай отырып, тәрбие беру.

"Отбасы әңгімелесу" клубында 10 оқушы бар. Оқушылардың барлығы іс-шараларға белсене ат салысады.

Оқушыларға «Тәрбие тал бесіктен» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Алдымен оқушыларға шағын дәріс оқылды. Оқушыларға бірнеше сұрақтар қойылды, оқушылар өз отбастарынан алып жатқан тәрбиелерімен, отбасындағы қарым-қатынас, ата-аналарын қалай сыйлайтындығы жөнінде өздерінің ойларымен бөлісті. Заман талабына сай бала тәрбиелеп жатсақ та, олардың да бұрынғы біздің тәрбиемізге де қызығушылықпен қарап, маған да сұрақтарын қойып отырды.



Қыз балаларға «Анамның үздік шаш өрімі» тақырыбында шашты жинап жүруге үйрету, жайылған шаштың зиянды жақтары көп екенін айтып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Себебі қазіргі таңда қоғамда қыз балалардың шаштарын жайып жүру белең алуда, сондықтан жасөспірім қыз балаларға бүгінгі тақырыпты ашып айтып, алдын алу мақсатында көптеген пайдалы кеңестер берілді. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылды. Бұрынғы

аналардың қыз балаларының шашын өрмей мектепке жібермейтіндерін, мұғалім тарапынан да сондай талаптардың болатындығы жөнінде айтылып өтілді. Суреттегідей оқушыларымыз «жылан өрім» үлгісінде шаш өре алатынын көрсетіп, сыныптасының шашын өріп берді.



«Менің әкем ең жақсы адам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: баланың әкеге деген махаббатын ояту, сыйлауға, құрметтеуге үйрету. Оқушылар өздері білетін өлең шумақтарын оқыды. Сиқырлы қобдишадан сұрақтар алып, оқушылар жауап берді. Соңында «Менің әкем ең жақсы адам» өлеңі хормен айтылды және балалар өлеңнен алған әсерлерімен бөлісті.

Оқушыларға «Атамның өсиеті» тақырыптарында бейнеролик көрсетіліп, оқушылармен бірге талқыланды.

«Менің отбасымның ұстанымдары» тақырыбында эссе жазылды. Абзалқызы Назымның жазған эссесі ерекше болды. Назым атасы барын, ол кісінің тәрбиелік мәні бар әңгімелерді айтатынын жазған. «Қарты бардың – қазынасы бар»-деп мақалды айта отырып, мақтанышпен сипаттаған.

1-сурет



2-сурет



3-сурет



«Отбасы әңгімелесу» клубы демалыс уақытында «Менің отбасым» суретін салу жұмыстары ұйымдастырылды. Мақсаты: отбасын құндылық, дәстүрдің қорғаны ретінде көрсету. 1-суретті 7 «А» сынып оқушысы Уаш Аяулым, 2-суретті 7 «А» сынып оқушысы Айлыбекова Аймира, 3-суретті 7 «Б» сынып оқушысы Мұхтар Әдемі салған. Оқушылар демалыс уақытында салғандықтан, ватсап желісі арқылы салып жіберді.



Жоспардан тыс 7 «А» сынып оқушыларымен Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай «Ерлігі ұрпаққа үлгі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Кіріспе бөлімінде Ә. Молдағұлованың өмірбаянымен таныстырылды. Сонымен қатар қайсар батыр қыздың майдандағы ерліктері туралы айтылды. Оқушыларға батыр қыздың есімімен берілген көшелер, мектеп атаулары қай жерлерден берілгендігі жөнінде, сұрақтар қойылды.

Қорытынды бөлімінде Р.Рымбаеваның орындауында «Әлия» әнін қосып, оқушылар бірге қосылып айтылды.



Ата-аналармен «Ырым-тыйым әдептілік негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: балаларға дұрыс тәлім-тәрбие беру. Ата-аналар өз отбастарында қандай тәрбие беріп жатқанын айтып, ортаға салды, өздерінің пікірлерімен бөлісті. Берілген сұрақтар бойынша, жауаптарын айтты.




Ата-аналармен жоспардан тыс «Отбасы-ұлт құндылығы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің маңызын түсіндіру. Ата-аналарға қызыл қобдишадан сұрақ алу тапсырмасы бойынша, әр ата-ана өз ойларын ортаға салды, бірге талданды. Ата-аналар отбасында салт-дәстүрдің сақталып, ұрпақтарына үйрете отырып, тәрбие беріп отырғандарын да айта отырды.

Жоспар бойынша *"Отбасы әңгімелесу"* клубы жұмыстары жүйелі түрде өткізілді. Алдағы уақытта да клуб жұмысы өз жалғасын таба бермек.

Мектеп директоры:



 Н.Ахатов